

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 мамырдағы N 541 қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес, сондай-ақ республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы жолдар желісін ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.08.2015 № 655 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

12 "Көлік және байланыс" деген функционалдық топта:

215 "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген өкімші бойынша:

002 "Республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамыту" деген бағдарламада:

005 "Ішкі көздер есебінен жобаны іске асыру" деген кіші бағдарламада:

"Астана - Қостанай - Челябині - автожолын қайта жаңарту" деген жолдағы "6652045" деген сандар "6428660" деген сандармен ауыстырылсын;

"Алматы - Өскемен автожолдарын қайта жаңарту 166000" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Рудный қаласының Батыс айналымы автожолын қайта жаңарту 223385";

3) "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 123-қосымшада :

6-тармақтың кестесінде:

реттік нөмірі 3-жолдың 5-бағанының 1-тармағында:

"360,34", "6554710" деген сандар тиісінше "367,24", "6331325" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Бейнеу-Ақжігіт-Өзбекстан шекарасы 9,24 км 466000 мың теңге сомасына ( Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 1 шілдедегі N 263-ПІР бұйрығы)" деген жолдан

кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Рудный қаласының Батыс айналма жолы - 6,9 км 223 385 мың теңге сомасына";  
7-тармақта "360,34" деген сандар "367,24" деген сандармен ауыстырылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.08.2015 № 655 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК